

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының биылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есепті тыңдап, экономиканы одан әрі әртараптандыру жоспарымен танысты.

Премьер-министр бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім көлемі 4,1 пайызға өскенін баяндады. Экономика құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 9,8 пайызға, көлік саласы – 7,1 пайызға, құрылыс 15,2 пайызға артты. Сондай-ақ сауда-саттықта – 5,7 пайыз, ауыл шаруашылығында – 4,4 пайыз және байланыс қызметінде 4,3 пайыз өсім тіркелді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,5 триллион теңгені құрады, соның ішінде жеке инвестиция 21,4 пайызға ұлғайды.

Олжас Бектенов ұлттық экономика құрылымын нығайту жөнінде есеп берді. Биыл өңдеу секторында 1,7 триллион теңгеге 200 инвестициялық жоба іске қосылып, 17 мың жұмыс орны ашылады. Үкімет басшысы ірі автожол жобаларының жүзеге асырылу барысы, Астана қаласындағы екінші әуежайдың құрылысын және Tarlan Astana көлік жүйесінің келесі кезеңін жоспарлау туралы айтты. Пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 20 миллион шаршы метрге жетпек. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көрсеткіші 15 триллион теңгені құрап, егістік алқаптары 23,8 миллион гектарға дейін ұлғайды. Шаруаларды қолдауға 1 триллион теңге бөлінді. Бұл ретте бюджеттің әр теңгесі 6,5 теңге жеке инвестиция тартуға септігін тигізді.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешен-

ді жоспардың іске асырылуы және инфляцияны төмендету шаралары туралы ақпарат берілді. Маусым айында жылдық инфляция деңгейі 10,3 пайызды құрады.

Президентке әлеуметтік және көші-қон саясатын жетілдіру нәтижелері туралы баяндалды, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ынталандыру арқылы әлеуметтік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды. Кейбір әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру нәтижесінде жылына 800 миллиард теңгеден аса қаржы үнемделеді.

Кездесуде жылыту маусымына дайындық мәселесіне айрықша назар аударылды. Өткен маусымның қорытындысы бойынша бес жылу электр орталығы аса жоғары тәуекелдің «қызыл» аймағынан шығарылып, үш ЖЭО «жасыл» аймаққа ауыстырылды. Биылғы жөндеу жұмыстары 9 энергия блогын, 55 қазандықты және 51 турбинаны қамтиды. Аталған мақсатқа 384 миллиард теңге бөлінген. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жыл соңына дейін 12 мың шақырым инженерлік желі жөнделеді.

Президентке цифрландыру және ұлттық AI инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет ұсынылды. Олжас Бектенов «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасын іске асыру мақсатын-



да әлемдік IT көшбасшыларымен бірге қуаты 250 МВт болатын инфрақұрылым жасақталатынын айтты. Шетелден тартылған инвестиция көлемі 10 миллиард доллардан асты.

Мемлекет басшысына туризм инфрақұрылымын жаңғырту жайында есеп берілді. Алматы тау кластерін дамыту туризм саласының ІЖӨ құрылымындағы үлесін арттырады. Almaty SuperSki жобасының құрылысы жандана түсті: 60 шақырым трасса құрылысы аяқталғанда тәулігіне 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндік туады. Нысанды пайдалануға беру 2028 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Еліміз «Болашақ ойындары-2026» жарыстарын өткізуге дайын.

Мемлекет басшысы жаңа Конституцияға сай қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар бол-

ды. Заңнаманы Ата заңға сәйкестендіру, «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттарын нығайту, әлеуметтік саясатты жетілдіру, Алатау қаласын қарқынды дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыру, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасын ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді өркендету бағытындағы жүйелі қадамдарды жалғастыруды тапсырды. Үкіметке әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға арналған ауқымды бағдарламаны қолға алу міндеті жүктелді. Бұл бастама ел азаматтарының тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартуға тиіс. Заманауи денсаулық сақтау нысандарын салуға ерекше назар аударылады.

Akorda.kz

ӘКІМДІКТЕ

Аппараттық жиын қорытындысы



Аудан әкімі Башимбаев Ақылбек Жұмабекұлының төрағалығымен өткен кезекті аппараттық жиында өңірдің тыныс-тіршілігі мен қауіпсіздігіне қатысты бірқатар өзекті мәселе қаралды.

Мәжіліс барысында жазғы өрт қаупінің маусымы, су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мен олардың қауіпсіздігі мәселелері, сондай-ақ білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына дайындау барысы талқыланды. Сонымен қатар автомобиль жолдарының бойындағы тазалық пен абаттандыру, көшелерде қараусыз жайылатын малдың жай-күйі, елді мекендерді санитарлық тазалау және көркейту жұмыстары пысықталды.

Жиын соңында аудан басшысы аталмыш бағыттарды ерекше бақылауға алып, жұмысты күшейтуді және белгіленген тапсырмаларды уақытылы орындауды тапсырды. Барлық жауапты бөлімдер мен жергілікті билік органдарына қажетті шараларды жүйелі түрде жүргізіп, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Өз тілшіміз

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ
23 августа



ГОЛОСУЙ ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – қазынашылықтың басты міндеті

Жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсер ететін ең өзекті мәселелердің бірі. Ол әділдік пен заңның үстемдігіне нұқсан келтіріп, халықтың мемлекеттік мекемелерге, органдарға деген сенімін төмендетеді.



Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен реттеледі. Бұл заңның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,

жолын кесу, сондай-ақ қоғамда адалдық пен ашықтық қағидаттарын нығайту болып табылады.

Жемқорлықпен күресу әрбір азаматтың ортақ міндеті. Заң талаптарын сақтау, адал еңбек ету және парақорлыққа жол бер-

меу – жарқын болашақтың кепілі. Әсіресе, өскелең ұрпақтың, жас буынның бойына адалдық, жауапкершілік және әділдік сынды құндылықтарды сіңіру өте маңызды.

Адал қоғам құру - әрқайсымыздың өз қолымызда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіп, бұл індетке жол бермей, алдын алу арқылы ғана еліміздің дамуына елеулі үлес қоса аламыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес Үржар аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасында да үздіксіз жүргізіліп отырады. Басқарма қызметкерлерінің кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстары алға қойылған. Барлық қызметкерлер біліктіліктерін көтеру курстарынан өткен. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша қызметкерлер арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, адалдықпен ашықтық

мәдениетін қалыптастыруға басымдық беріледі. Мамандар арасында қызметтік әдеп нормаларын сақтауы, мемлекеттік қызмет қағидаттарын ұстануы, заң талаптарын мүлтіксіз орындауы және мемлекеттік қаражаттың ашық әрі тиімді игерілуін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің нығайып, гүлдену жолында, өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен орындауда. Сондай-ақ басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналастырылып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8 72230 3-35-35) жұмыс жасайды.

Анар Қасенова,
Үржар аудандық
мемлекеттік
қазынашылық
басқармасының
басшы орынбасары

Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Қазақстан Республикасы үшін санитариялық-эпидемиологиялық саланың маңыздылығы — ел тұрғындарының денсаулығы мен өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіші. Бұл бағытта халықтың жұппалы аурулардан қорғалуын қамтамасыз ету, азық-түлік пен судың сапасын бақылау, қоршаған орта мен еңбек гигиенасын сақтау сияқты маңызды міндеттер жүктелген. Алайда, аталған саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері осы міндеттердің орындалуына кедергі келтіруде.

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі көріністері

Бұл салада жиі кездесетін жемқорлық әрекеттер — санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін нысандарға рұқсат құжаттарын беру.

Егер қызмет алушы қажетті құжаттардың бірін немесе бірнеше-

уін ұсынбаса:

- Мемлекеттік орган қызметті көрсетуден бас тартуға құқылы;
- Электронды форматта өтініш берген жағдайда, қызмет көрсетуге өтініш қабылданбайды, ал бұл туралы тиісті түрде хабарланады;
- Қызмет көрсетуден бас тар-

ту ресми негізделген жауаппен берілуі тиіс.

Бұл талаптар қызмет беру сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және барлық азаматтарға тең жағдай жасау мақсатында енгізілген.

Азаматтардың қауіпсіз түрде жемқорлық фактілері туралы хабарлауына мүмкіндік беретін сенім телефондары мен онлайн платформалар жұмыс істеуі тиіс.

Жемқорлыққа барған қызметкерлерге қатысты заңға сәйкес қатаң шара қолдану арқылы келешекте бұндай әрекеттерге жол бермеуге болады.

Санитариялық-эпидемиологиялық саланың тиімділігі — тікелей осы саладағы ашықтық пен әділдікке байланысты. Жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарына ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметші мен азаматқа ортақ міндет болуы тиіс. Бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы біз халықтың денсаулығын сақтауға және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлкен үлес қоса аламыз.

Үржар аудандық
СЭБ басқармасы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Отай» ЖШС «Абай облысындағы Отай алаңында құрамында мыс бар кендерді барлау учаскесіндегі бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы» жобасына II санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. (47°01'00"С, 80°30'00"В).

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Үржар ауданы, Қаракөл және Қоңыр-Шәулі ауылдық округтері., 47° 3'47.32"С, 80°32'54.18"В.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:

2026 жылғы 27 тамыз сағат 11.00-де. Абай облысы, Үржар ауданы, Қаракөл а.о., Қаракөл а., Әзірбаев к-сі, 3 мекенжайы бойынша.

2026 жылғы 27 тамыз сағат 15.00-де. Абай облысы, Үржар ауданы, Қоңыршәулі а.о., Таскескен а. К. Нұрғазин к-сі, 9 мекенжайы бойынша.

ТЖ және карантин режимі енгізілген жағдайда Zoom-да ашық тыңдаулар өтеді. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JldVJYRytiWHZ2UT09&omn=77955050364>

Конференция идентификаторы: 232 495 5975. Кіру коды: 123

Бастамашысы: «Отай» ЖШС, заң. мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 400 үй. тел.: 87777770080. БСН 160540026687.

Әзірлеуші: «Эко Way» ЖШС, заң. мекенжайы: ҚР, 110000, Қостанай қ, Ю. Журавлев көшесі, 9 «В», каб. №7, тел.: 8(7142)504572. БСН 100740013047.

Жоба бойынша құжаттама Ақпараттық жүйеде орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қосымша ақпарат: 87142504572, 500293@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Абай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: uprir.abay@akimatabai.gov.kz және Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, сондай-ақ Ақпараттық жүйе платформасында.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ОО «Отай» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории к проекту «Проект рекультивации нарушенных земель на участке разведки медь содержащих руд на Отайской площади в области Абай». (47°01'00"С, 80°30'00"В).

Территория воздействия: область Абай, Урджарский район, Каракольский и Коныршаулинский сельские округа, 47° 3'47.32"С, 80°32'54.18"В.

Общественные слушания состоятся: 27 августа 2026 года в 11.00. По адресу область Абай, Урджарский район, Каракольский с.о., с. Каракол, ул.Азербайева, 3.

27 августа 2026 года в 15.00. По адресу область Абай, Урджарский район, Коныршаулинский с.о., с. Таскескен, ул. К.Нургазина, 9.

В случае введения режима ЧС и карантина открытые слушания пройдут в Zoom. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JldVJYRytiWHZ2UT09&omn=77955050364>

Идентификатор конференции: 232 495 5975. Код доступа: 123

Инициатор: ОО «Отай», юр.адрес: РК, г. Алматы, Медеуский район, улица Нұрлан Қаппаров, дом 400. тел.: 87777770080. БИН 160540026687.

Разработчик: ОО «Эко Way», юр.адрес: РК, 110000, г. Костанай, ул. Ю. Журавлевой, 9 «В», каб. №7, тел.: 8(7142)504572. БИН 100740013047.

Документация по проекту размещена в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительная информация: 87142504572, 500293@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата области Абай» по адресам: uprir.abay@akimatabai.gov.kz и г.Семей, ул.Турлыханова, 30, а также на платформе Информационной системы.